

Созақ ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын есепке алынатын аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 312 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 қарашада № 4288 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 95 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 16.03.2018 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 406-бабының 6 тармағының бірінші бөлігіне және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 55 бұйрығымен бекітілген Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13285 тіркелген) Созақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Созақ ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын есепке алынатын аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Созақ ауданы әкімінің аппараты заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Б.Сатыбалдыға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін
атқарушы

Б.Т. Әлмағанбет

"КЕЛІСІЛДІ"

"Созақ ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ А.Е. Табылдиев

"27" қараша 2017 жыл

Созақ ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 27 қарашадағы
№ 312 қаулысына қосымша

Созақ ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын есепке алынатын аймаққа бөлу коэффициенті

№	Кент, ауылдық округінің аталуы	Елді мекеннің аталуы	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Шолаққорған	Шолаққорған	1,65
2		Теріскей	1,65
3		Балдысу	0,90
4		Қарабұлақ	0,90
5		Абай	1,10
6		Жеткеншек	1,30
7	Созақ	Созақ	1,25
8		Шақырық	1,35
9		Көктөбе	1,20
10		Ы.Жаукебаев	1,25
11		Қақпансор	0,75
12	Жартытөбе	Жартытөбе	1,35
13		Аққолтық	1,25
14		Бабаата	1,25
15	Құмкент	Құмкент	1,35
16		Қызылқанат	1,10
17		Қызылкөл	1,25
18	Сызған	Қозмолдақ	1,35
19		Қайнар	1,20
20		Сызған	1,15
21		Басбұлақ	1,00
22	Қаратау	Бақырлы	1,35
23		Саржаз	1,20
24		Ақсүмбе	1,10
25	Қаракұр	Қаракұр	1,35
26		Шаға	1,20

27		Қызылбайрақ	1,30
28	Жуантөбе	Жуантөбе	1,35
29		Қоңыратарық	0,75
30	Тасты	Тасты	1,35
31		Қылты	0,90
32	Шу	Шу	1,35
33	Таукент	Таукент	1,45
34	Қыземшек	Қыземшек	1,45
35		Тайқоңыр	1,35

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК